

Дәріс 15.

Соматикалық клиникадағы ауруды  
бастан кешіру ерекшеліктері.

Соматикалық науқастардың  
коррекциясы және  
реабилитациясының  
психологиялық жақтары.

PhD Камзанова А.Т.

# Соматикалық клиникадағы ауруды бастан кешіру ерекшеліктері

- Созылмалы соматикалық аурулар барысындағы тұлғаның өзгеруі.
- Соматикалық аурудың түрлі кезеңдеріндегі (алдын алу, бастапқы кезең, асқынған кезең, ремиссия. Созылмалы кезең, өмірге қауіп төнген кезең) коррекциясы және реабилитациясының психологиялық жақтары.
- Науқастардың психологиялық коррекциясы мен әлеуметтік-еңбек реабилитациясының жалпы мәселелері.
- Дәрігердің тұлғалық ерекшеліктерінің маңыздылығы.
- Эмпатияның маңызы. Ятрогениялар.

# ЯТРОГЕНИЯЛАР ЖӘНЕ ДӘРІГЕРЛІК ҚАТЕЛІКТЕР

Ятрогения (еж.-грек дәрігер + еж.-грек.- туылу) – дәрігердің байқаусызда жасаған әрекеттерінің және сөзінің әсерінен науқас ағзасының нашарлауына әкелуі. 1925 жылы «Ятрогения» терминін неміс психиатрының Освальд Бумке жұмысында енгізілген *Der Arzts Ursache seelischer Störungen* («Дәрігер жанның күйзелісінің себебі»), яғни заманауи термин ретінде «медицина жұмысының ақауы» делінген.

# Ятрогендік аурулар дамуының шарттары

- Ятрогендік аурудың дамуы үшін дәрігер мінез -құлқы мен қоса, науқастың тұлғалық ерекшеліктері де (эмоциялық деңгейі, секемшілдігі және т.б.) маңызды. Науқастардың көбі тек қана аурудан емес, сонымен қатар онымен қатарласа жүретін үрей, қорқыныш, емнің нәтижесіне сенбеу сияқты мәселелерден де зардап шегеді.
- Сондықтан науқас дәрігердің сөзіне, мінез - құлқына, интонациясына, ым - ишарасына баса зейін қояды.

# Ятрогендік аурулар дамуының шарттары

Сонымен қатар, науқастың тұлғалық ерекшілігіне және психикалық қалпының дәл осы сәттегі жағдайына байланысты медициналық қызметкерлердің сөзі мен әрекетіне әр пациент әртүрлі реакция береді. Патологиялық жағдайға ойланбай сөйлеген сөздер ғана емес, кейбір мағынасы түсініксіз

Сөздер («анализдің нәтижелері жағымсыз», «тамшылы жүрек» және т.б.), кейде дәрігердің ұзақ үнсіз қалуы мен абайсыз айтқан сөздерін де, науқас өз ауруының ерекше қиын анықталып, емделетіні, яғни жазылуы қиын өзгеше ауру деп қабылдауы мүмкін.